

**«НАЗАРБАЕВ УНИВЕРСИТЕТІ»
ДЕРБЕС БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМЫ**

АКАДЕМИЯЛЫҚ МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚ СТАНДАРТТАРЫ

«Назарбаев Университеті» дербес білім беру ұйымының
Академиялық кеңесінің шешімімен бекітілді
2014 жылғы 18.12 № 18 хаттама



**Астана
2014 жыл**

Назарбаев Университетінің академиялық мінез-құлық стандарттары

1. Біз бәріміз Назарбаев Университетіне Қазақстанның дамуына ықпал ететін, білім беру және зерттеулер салысында озық тәжірибелер мекемесін құру және қолдау үшін бірлескен жұмысты жүзеге асыру мақсатында келдік, біз Назарбаев Университетінің оқытушылар құрамы мекемемізді мақтан етеміз. Осы мақсатқа қол жеткізу үшін біз бір-бірімізге арқа сүйей білуіміз керек және тіпті кей жағдайларда, шетін сипаттағы мәселелерде, сыни бағалау мен қарсы пікір айтқанда, академиялық еркіндік және жауапкершілік ахуалын қалыптастыруда және консультациялардың көмегімен оларды ұстануға міндеттеніп отырып бір-бірімізге қолдау көрсетуіміз керек. Бұл үшін біз мінез-құлықтың жоғары стандарттарына қол жеткізуіміз қажет. Біз төменде сипатталған стандарттардың ерекшелігіне де, сондай-ақ сипаттарына да сәйкес болуға ұмтыламыз.

2. Қазақстан Республикасының алдындағы міндеттеме

2. Назарбаев Университеті халықтың өзі ресурстар енгізіп, сенім артқан Қазақстан Республикасындағы озық мекеме болып табылады. Біз сенімді ақтауға және академиялық сапа мен біздің Қазақстан университеттерінің арасында жетекші орынға лайықты екендігімізге мақтаныш пен сенімділік ұялататын мінез-құлық стандарттарын қамтамасыз етуге ұмтыламыз. Біз Қазақстанның болашақ ұрпақтарына таңдаулы әлемде және орнықты ортада өмір сүруге көметесуге ұмтыламыз.

3. Мәнмәтінді түсіну

3. Біз Қазақстан үшін әлемдік деңгейдегі университетті құрудамыз сондықтан онда біздің этикалық мінез-құлқымыз бағаланатын мәнмәтін қалыптастырылатын Қазақстанның мәдениетіне, құндылықтар мен тарихына ұқыптылықпен және құрметпен қараймыз. Біз өзімізді Университеттің өкілі болып табылатын тұлға ретінде таңдалғанымызды және халықтың бізді таңдаулылар ретінде көруге құқылы екендігін түсінеміз. Бұл жағдайға біз әлеуметтік қызмет жасау және ел ауқымында гүлденген және өзіне халықаралық деңгейде басшы рөл алатын қоғамның мақсатына жету жолында халыққа, үкімет пен Қазақстанның академиялық қоғамдастығына пайдасын тигізу ниеті тұрғысынан келеміз. Біз Университеттің осы елдің бет-бейнесін айқындайтын сан ғасырлық және биік құндылықтарын құрметтеу мен өркендетуде ерекше рөл атқаратынын мойындаймыз және оларды өзіміздің іс-қимылдарымыз бен әр қадамымызда ұстанамыз.

4. Адалдық

4. Біз оқытушы, әріптес немесе беделді ғалым ретінде басқа адамдардың сеніміне ие болуға тиісті екендігімізді мойындаймыз. Біз өзіміздің іс-қимылдарымыздың ашық әрі әділ болып көрінуіне ұмтыламыз. Біз оның әрбір жеке адамның міндеттемесіне байланысты болатынын білгендіктен және оның беделіне әсерін тигізуі мүмкін біздің іс-қимылымыздың халықаралық стандарттар, сондай-ақ біздің мекеме қызмет ететін қоғам мәнмәтінінде түсіндірілетін болғандықтан өз мекемеміздің беделін қолдап отыруға міндеттенеміз. Біз өзіміздің әріптестерімізге немесе мекемеге зиян тигізіп жеке өз мүддеміз үшін ғана іс-қимыл жасаған болып көрінуден аулақ болу үшін қолдан келгеннің бәрін жасаймыз. Егер біз жеке тұлғалар ретінде сөз сөйлеп немесе ойымызды білдіретін болсақ, өзіміздің Университет атынан іс-қимыл жасайтын тұлғалар ретінде көрсетпеуімізді қадағалаймыз.

5. Жауапкершілік

5. Біз жауапкершіліктің Университеттің дамуында шешуші рөл атқаратынын мойындаймыз. Бұған өзіміздің іс-қимылымыз, оның ішінде жіберген қателіктеріміз үшін өз мойнымызға алатын жауапкершілік те жатады және оларды бірден мойындаймыз және түзетуге ұмтыламыз. Осындай жауапкершілік білім алуға үлес қосатын, сондай-ақ біздің студенттеріміз бен әріптестеріміздің ең жоғары стандарттардың сақталуын қамтамасыз ету міндеттемесі бар оқытушылар және зерттеушілер ретіндегі өз міндеттемелерін орындаудағы біздің ынтымақтасуымыз бен адалдығымызды да қамтиды. Бұдан басқа, ол біз сақталуын қамтамасыз етуге міндетті Университеттің ережелері мен Қазақстанның заңдарында белгіленген тиісті процестер негізінде қабылданған мекеменің тиісті нормаларға, шешімдер мен талаптарға сәйкес жұмыс істейтінін біздің мойындауымызды да қамтиды.

6. Алқалылық

6. Біз Университетіміздің мекеме шеңберінде де, сондай-ақ оның шеңберінен тыс жерде де мүмкін болған жердің бәрінде әріптестерімізге көмектесуге өзіміздің ұмтылысымызды көрсететін жан-жақты ынтымақтастық қағидатын ұстануы тиіс екендігін түсінеміз. Ынтымақтастықтың осындай рухы біздің университетімізде ғылыми білімді нығайта түседі және университетіміздің Қазақстанның барынша кең қоғамы мен ғылыми білім әлемінің алдындағы міндеттемелерінің бір бөлігі болып табылады.

7. Консультация беру

8. Біз іс-қимылдың ең таңдаулы бағытын айқындау үшін, әдетте, әр түрлі тараптардың мүдделерін ескеру қажет екендігін мойындаймыз. Осыған

байланысты біз шешімдеріміз әсерін тигізетіндермен жұмыс істеуге тырысамыз және жауапкершілік бізге жүктелген мәселелерге әсерін тигізетін шешімдерге қатысуды ұсынамыз.

8. Сыпайылық

9. Университет шеңберінде де, сондай-ақ оның шеңберінен тыс жерде де студенттермен, қызметкерлермен, әріптестермен және басқа тұлғалармен өзара іс-қимыл кезінде біз тіпті, пікір алшақтығы болған жағдайда да, біздің және басқа да тараптардың сыйластық және адал қарым-қатынасқа құқылы екендігін тани отырып, біз ұстамды, сыпайы және сындарлы тәртіппен қарым-қатынас жасаймыз. Біз этномәдени және жеке адамның ерекшелігін бағалай білу қажет деп санаймыз және оны кемсіту қарым-қатынасы үшін негіз ретінде пайдаланбау керек деп санаймыз. Біз өзіміздің студенттерімізге және басқа да адамдарға үлгі екендігімізді, сондай-ақ бізге қарағанда өкілеттігі аз тұлғамен қарым-қатынас жасағанда ар-намысы мен әділдігін тануға ерекше жауапты екендігімізді мойындаймыз. Біз басқалармен жұмыс істегенде сыпайылықтың мәні зор екендігін, сондай-ақ біздің мекемемізге әсерін тигізетінін түсінеміз.